КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2026 жылғы 02 ақпан №7119-25-00-2/13641 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы К. Бекмолдин отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Апогей» жобалау және сараптама ғылыми институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРСЫ ТАЛАП АРЫЗ:
шартты біржақты бұзуын заңсыз деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор: Рашитова Б.
жауапкердің өкілдері: адвокат Турсунов С.К., Жайнаков Ж.Т.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген. Оның негізіне жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Тараптар 29.12.2023 жылы «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Уйдене су қоймасын жаңарту (Түзету)» бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы түзету жұмыстарын орындауға келісім шарт жасасқан.

Шарттың жалпы сомасы: 21 240 241,21 теңге.

Жасалған қосымша келісімдерді ескере отырып, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және кешенді ведомстводан тыс сараптамадан оң қорытынды алу бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2025 жылдың 31

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 09.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мамырына дейін, шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды.

Бұл ретте, 12.02.2025 жылы «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Уйдене су қоймасын жаңарту, түзету» жұмыс жобасына «Мемлекеттік сараптама» мемлекеттік кәсіпорны №06-0046/25 теріс қорытынды берді, себебі жоба Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмейді.

Осыған байланысты шарт талап қоюшымен біржақты тәртіпте 2025 жылдың 30 шілдесінде бұзылған.

Сол себептен талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен талапкердің өкілі сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі талапкердың қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

Сот отырысында жауапкердің өкілдері талап арызды мойындамай, талап арызды көрсетілген наразылықта негіздер бойынша қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады, қарсы талап арызды қолдап, қанағаттандыруды сұраған.

Прокурор өз қорытындысында бастапқы талапты қанағаттандырып, қарсы талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Істің мән жайы бойынша, тараптар 29.12.2023 жылы «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Уйдене су қоймасын жаңарту, түзету» бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы (Түзету) жұмыстарын орындауға келісім шарт № 97 жасасқан.

Шарттың жалпы сомасы: 21 240 241,21 теңге.

Шарттың 2.3 тармағына сәйкес**,** төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атапайтқанда:

1) осы Шарт;

2) лоттар тізбесі және жұмыстарды орындау шарты (1-қосымша);

3) жобалауға тапсырыс беруші бекіткен тапсырма.

Бастапқы жұмысты аяқтау мерзімі 2024 жылдың 31 шілдесіне дейін, Шарт мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Жасалған қосымша келісімдерді ескере отырып, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және кешенді ведомстводан тыс сараптамадан оң

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 09.02.2026

7119-25-3-6/943

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қорытынды алу бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2025 жылдың 31 мамырына дейін, шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды (қосымша келісім 31.07.2024ж.).

Шарттың 12.7 тармағына сәйкес, жобалаушы жіберген әзірленген жоба бойынша құрылыс -монтаждау жұмыстары барысында кемшіліктер мен сапасыз жобалауфактілері анықталған жағдайда, тапсырыс берушіден ресми хабарламаалғаннан кейін жобалаушы барлық ескертулер мен кемшіліктерді өзкүшімен жоюға, қажет болған жағдайда жобаны заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптамаға қайта жіберуге міндетті. Сонымен қатар, осы процедуралар бойынша барлық шығындарды жобалаушы көтереді.

12.02.2025 жылы «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Уйдене су қоймасын жаңарту, түзету» жұмыс жобасына «Мемлекеттік сараптама» мемлекеттік кәсіпорны №06-0046/25 теріс қорытынды берді, себебі жоба Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмейді.

Осыған байланысты шарт талап қоюшымен біржақты тәртіпте 2025 жылдың 30 шілдесінде бұзылған.

2025 жылдың 04 тамызында талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны мен «СЕМИПАЛАТИНСК ГРАЖДАН ПРОЕКТ» жобалау институты» өндірістік кооперативы арасында осы жұмыстарды орындау туралы шарт жасалды.

Сот жауапкердің шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамау себебі талап қоюшының бастапқы деректердің толық жиынтығын бермеуі болды деген уәждерлерін келесі себептер бойынша негізсіз деп табады.

Жоғарыда көрсетілгендей, 12.02.2025 жылы мемлекеттік сараптама жауапкер әзірлеген жұмыс жобасына теріс қорытынды берді.

Бұл қорытындыда сәулет-құрылыс бөлігі сәйкес келмейді, автоматтандыру - сәйкес келмейді, құрылыс ұйымының жобасы - сәйкес келмейді, сметалық құжаттамаға баға ұсыныстарын қарау бөлімі - сәйкес келмейді, электр сәулет шешімдері - сәйкес келмейді, жалпы бөлімі - сәйкес келмейді, сыртқы төмен тоқ желілерінің гидротехникалық бөлімі - сәйкес келмейді, электр инженерлік шешімі - сәйкес келмейді, сметалық бөлім - сәйкес келмейді, бас жоспар - сәйкес келмейді, санитарлық-эпидемиологиялық бөлімі - сәйкес келмейді деп көрсетілген.

Яғни сараптама жауапкердің әзірлеген жұмыс жобасының 13 бөлімінің 12-сінде сәйкессіздік анықталғанын көрсетті.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Жоғарыда аталған мән-жайларды ескере отырып, шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап коюы қанағаттандырудан бас тартуға жатады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 09.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының «Апогей» жобалау және сараптама ғылыми институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Апогей» жобалау және сараптама ғылыми институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Апогей» жобалау және сараптама ғылыми институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Қарсы талап қоюы «Апогей» жобалау және сараптама ғылыми институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының шартты біржақты бұзуын заңсыз деп тану туралы - қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж. Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 09.02.2026